

Ж.Д. Рамаданова*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: zh.ramadanova@mail.ru)*

Өнер генетикалық мәдени кодтың көрінісі ретінде (қазақ халық биі мысалында)

Мақалада автор қазақтың дәстүрлі би-пластикалық өнері мысалында халықтың рухани құндылықтарын көрсететін генетикалық мәдени кодты зерттеу нәтижелерін ұсынған. Зерттеу әдісі ретінде автор түркі мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын дәстүрлі қазақ биінің қимыл-қозғалысы мен қол қалыптарын семиотикалық талдауды пайдаланады. Тақырыпты ашу үшін мақалада «өнер», «өнердегі бейнелі тіл», «архетип», «семантика», «семиотика» сияқты терминдердің анықтамалары мен функциялары келтірілген. Би өнерінің семиотикалық жүйе ретіндегі талдауы дене қимыл-қозғалыстары арқылы көрсетілетін би тілінің вербалды емес екендігіне, биші мен хореографтың бейсаналы ойлар мен сезімдерін бейнелейтін белгілер мен символдарды қамтитындығына негізделеді. Автор ұқсас атаулы қазақтың ұлттық ою-өрнектері мен қазақ биінің қимыл-қозғалыстарын салыстыра отырып, халықтың мәдени кодын көрсететін символдық формалардың семантикалық мағынасын заманауи қасиетті геометрия және ым-ишара тілі символдарына сүйене отырып түсіндіреді. Салыстырма талдауда мақала авторы қазақ ою-өрнегінің негізін дамытуда халық шеберлері үшін қайнар көз ретінде айналадағы дүниенің құбылыстары мен заттардың таңба-символдары қолданылғандығына сүйенеді. Зерттеу нәтижесінде шығыс халықтарына ғана емес, Таяу Шығыс пен Мысыр халықтарының би өнеріне де ортақ қазақ биінің элементтері анықталды. Автор бұны осы елдер мәдениеттерінің ортақ тамыры болғандығының жанама дәлелі болып табылады деп санайды. Қорытындыларды адамзаттың ДНҚ шежіресін зерттеу жұмыстары, сондай-ақ бірқатар түрколог ғалымдардың еңбектері ішінара растайды.

Кілт сөздер: өнер, өнердің бейнелі тілі, өнер тілінің семантикасы, түркі мәдениеті, мәдени код, қазақ халқының биі, қимылдарға семиотикалық талдау, қазақтың ұлттық ою-өрнектері, қазақ би қимылдары, ДНҚ шежіресі.

Kipicne

Осы ғылыми мәселе аясында ең алдымен «өнер», «көркем бейне», «өнердің бейнелі тілі» терминдеріне анықтама беру қажет. Өнер — сезімдік және эмоционалды бейнелер жүйесі арқылы дүниені меңгеретін мәдениеттің символдық түрлерінің бірі. Өнердің көркемдік-бейнелі табиғаты оны әркімнің қабылдауына қолжетімді және сонымен бірге әсемдікке, пішін мен мазмұнның үйлесімділігіне оранған асқақ және тартымды етеді.

Өнерді құбылыс ретінде анықтаудың қиындығын Н.Д. Васюченконың [1: 5] мына сөздері дәлелдейді: «Өнер табиғатын түсінуге тырысқан зерттеушілер одан безендіру және табиғатқа еліктеу инстинктігін, қарым-қатынас құралын және дүниетанудың қайнар көзін, тарихи кезеңдер мен халықтар туралы ақпаратты кодтау түрін көрді; өнерді мәтін және белгі жүйесі, ойын және ләззат ретінде, адам бойындағы иррационалдық және бейсаналық принциптің көрінісі ретінде... қарастырды... Өнер — образдар арқылы ойлау, ол — суретшінің санасында өңделген және көркемдік формада өрнектелген әлем мен адамның бейнелері».

Әлі күнге дейін өнердің жалпы қабылданған болмыс пен сана құбылысы ретіндегі анықтамасы жоқ. Т. Адорно өнер ұғымын біржолата анықтау мүмкін емес — ол тарихпен бірге өзгереді, өйткені өнер құбылысының мәні «өнер туындысы болмыс (Sein) емес, қалыптасу (Werden) болып табылатындығынан түзіледі» деп есептеді [2: 256].

Біз тек Г.Ф.В. Гегель және қазақ энциклопедиясы анықтамаларымен шектелеміз. Гегель өнерді *рухтың жүзеге асуының ерекше, спецификалық формаларының бірі*, демек, *өзінің сыртта көрінуі үшін рухтың таңдаған әдісі ретінде* анықтайды [3: 51]. Қазақстан энциклопедиясы бойынша: «Өнер — көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы» [4].

Өнердің негізгі функциялары дүниетаныммен байланысты: танымдық және эвристикалық (өнер білім мен ағарту ретінде), эстетикалық және аксиологиялық (құндылықтар жүйесін қалыптастыру),

ақпараттық-коммуникативтік (ақпаратты тасымалдайтын белгілер жүйесі), тәрбиелік және ықпал ету (өнер әсер ретінде), гедонистік (өнер ләззат ретінде). Өнердің әрбір түрінің өзіндік ерекшелігі оның көркемдік бейнесін сомдайтын тек өзіне тән «тілінен» (материалынан) ғана көрінеді.

Жалпылау сипаты бойынша көркем бейнелер жеке (төл, ерекше), сипатты (жалпылаушы), типтік (белгілі бір дәуірге тән), бейне-мотивтер (шығармашылықта дәйекті қайталанатын), топостар (бүкіл халықтың типтік бейнелері) және архетиптер деп бөлінеді [5: 26].

«Архетип» (еж. гр. тіл. ἀρχέτυπον – түпбейне) ұғымы көркем бейненің «саналы» және «бейсаналық» психикалық деңгейлерімен байланысын сипаттайды. К. Юнг [6: 88] архетипті «мифологиялық құрамдас бөліктер» ретінде ұрпақтан ұрпаққа бейсаналық түрде берілетін әмбебап адам бейнесі ретінде түсінді. К. Юнг архетиптерінің классификациясында қарама-қарсы жұптарды анықтау принципі сақталған. Осылайша, рух (отец) пен материя (мать) біртұтас Unus Mundus (лат. - Бір әлем) архетиптерінің дихотомиясы ретінде ұсынылған [7]. Бұл Гегельдің жоғарыда келтірілген өнер анықтамасына сәйкес келеді. Сонымен бірге, рух архетипі Аспан Әкенің (Дух) ер архетиптік бейнесіне (түркілерде – Көк Тәңірі) сәйкес келсе, ал материя архетипіне – Ұлы Ананың кейіптеуі (образ Великой Матери) Жер-Ананың (түркілерде – Ұмай Ана) әйел бейнесі сәйкес келеді [7]. Қазіргі семиотика теоретиктері көркем бейненің анықтамасын ықшамдау үшін оны ерекше «иконикалық» белгі, таңба ретінде анықтайды.

Әрбір халықтың билері халықтың мәдени кодымен терең байланысы бар қимыл-қозғалыс таңбалары арқылы берілетін ежелгі архетиптерге қанық. Халықтың мәдени коды тек биде ғана емес, сонымен қатар халық өнерінің барлық түрлерінен, соның ішінде эпос, музыка, сәндік-қолданбалы өнер, ойын-сауықтары, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптарынан т.б. көрініс табады.

Гносеологиялық аспектіде бейнені көркемдік танымның ерекше жағдайы ретінде, аксиологиялық аспектіде — құндылық мәндері мен бағдарларының берілуі ретінде, психологиялық аспектіде — бейнелі қиялды елестетіп қабылдаудың ерекше түрі ретінде, семиотикалық қарым-қатынастар кеңістігінде — белгілік түзілім ретінде, қарым-қатынаста — шығармашының түпмақсаты мен ниетін көрерменнің түсінуі ретінде т.б. қарастыруға болады.

Зерттеу әдістері

Мақалада өнер, көркем бейне, өнердің бейнелі тілі, архетип, семиотика және семантика сияқты ұғымдарды анықтауда теориялық талдау, сондай-ақ ұғымдардың мәнін түсінудегі интеллектуалдық интуиция әдістері қолданылады.

Автор негізгі зерттеу әдісі ретінде дәстүрлі қазақ биінің қимыл-қозғалыстары мен қалыптарын семиотикалық талдауды қолданады. Сондай-ақ, қазақ халқының ұлттық ою-өрнектері мен қазақ биінің қимыл-қозғалыстарының арасындағы параллельдік ұқсастықтарды беретін аналогиялар арқылы халықтың мәдени кодын көрсететін символдық формалардың мағынасын түсіндіре отырып, компаративистік талдауды қосымша пайдаланылды.

Мақалада философиялық ұғымдарды түсінуде формальдық және диалектикалық логика құралдары, абстрактіден нақтыға және кері өрлеу сияқты (дедукция мен индукция) жалпы философиялық әдістер және де танымның тарихи-логикалық әдістерінің бірлігі қолданылады.

Нәтижелері мен оларды талқылау

М.М. Новикованың пікірінше, өнер тілі – өнердің әрбір түрінен ерекше көрінетін көркем образ жасаудың тарихи қалыптасқан материалдық құралдары мен әдістерінің жиынтығы. Адам өзінің ой-пікірін сөзімен, тілімен қалай жеткізетін болса, көркем бейне де өнердің бейнелі тілінде солай суреттеледі. Көркем шығармашылықтың бейнелі мазмұнына қарағанда, өнер тілінің эволюциясы баяу жүретінін ескерсек, оның мәдени дәстүр сабақтастығы мен сақталуының маңызды факторы болып табылатындығына көз жеткізуге болады [8: 323].

Өнердегі бейнелі тіл дүниемен қарым-қатынастағы маңызды нәрсені бөліп көрсетудің және ол нәрсені басқа әлемге — мазмұны жағынан да, кемелдік деңгейімен де ерекшеленетін идеалды кеңістікке, Платонның «идеялары» әлеміне — көшіру құралы болып табылады. Суреткермен эстетикалық игерілген шындық үйреншікті деңгейден идеалды рухани жандар өмір сүретін өзге болмыс әлеміне «көшіріліп», мазмұн мен форма бірлігінде тұтастық пен толықтыққа ие болады.

Ұлттық қазақ биі – түркі мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын қазақ халқының ауызша халық шығармашылығымен, ұлттық музыкасы, сәндік-қолданбалы өнерінің тарихымен және салт-дәстүрімен тығыз байланысты халық өнерінің байырғы түрі. Халық биі осы өнердің семантикасында

көрініс тапқан бүкіл халықтың философиялық дүниетанымын, рухани әлемін, ой-өрісін жеткізетін қимылдар жүйесін құрайды. Халықтың ауыз әдебиеті мен көркем өнерінің, салт-дәстүрі мұрасының бүкіл ұлттық байлығы халық биінің тақырыбында, сюжетінде, лексикасында, көркемдік-бейнелі мазмұнында көрініс табады.

Қолданыстағы сөздіктердің көпшілігінде «семантика» сөзінің мағынасы дәстүрлі түрде оның лингвистикалық мағынасымен байланыстырылады. Кейбір анықтамаларда ғана семантика лингвистикамен ғана емес, сонымен қатар бағдарламалау (программирование) тілдері, кино, театр, музыка «тілдері» және т.б. сияқты басқа таңбалық жүйелермен де байланысты семиотика бөлімі ретінде ұсынылады. Осындай таңбалық жүйелер қатарына қимыл-қозғалыстар мен ым-ишара белгілері мағыналық символдар ретінде қарастырылатын жүйе – би өнерін де жатқызуға болады.

Осындай анықтамалардың бірінде хореографияға таңбалар жүйесі ретінде сәйкес келетін анықтаманы табуға болады: «Семантика (семасиология) – семиотика мен лингвистиканың бір саласы, оның шеңберінде белгілер мен таңбалар жүйесі маңыз мен мағынаны білдіру құралы ретінде зерттеледі. Семантиканың негізгі пәні — белгілерді және олардың тіркестерін түсіндіру» [9].

Семиотикада (семиологияда) тіл — адамдар арасындағы негізгі қатынас құралы ретінде осы жас ғылымның негізгі зерттеу пәндерінің бірі ретінде қарастырылады. Ю.М. Лотман [10: 6] бойынша семиотика — қарым-қатынас процесінде қолданылатын коммуникативті жүйелер мен белгілер туралы ғылым.

Семантика таңбалар жүйесін зерттеудің үш деңгейінің бірі болып табылады: 1) синтаксис (белгілер тіркестерінің құрылымдары және олардың құрылу ережелері); 2) семантика (белгілер жүйесін мағынаны білдіру тәсілі ретінде зерттейді); 3) прагматика (белгі жүйелерінің коммуникациялық қызметімен байланысты).

Қазіргі ғылымда семиотика әртүрлі ғылыми пәндерде кең ауқымды зерттеу әдістерін дамыту үшін негіз ретінде пайдаланылады. Би өнерінің бейнелі тілі бидің қимыл-қозғалыстарындағы мағынаны невербалды түрде білдірумен тікелей байланысты болғандықтан, қазақтың дәстүрлі би-пластикалық өнерінің бейнелі көркем тілін зерттеуде біз семиотика мен семантиканы ұғымдарын қолданамыз. Қазақ биінің қимыл-қозғалыстарының семантикалық мағыналарын талдау үшін Ф. де Соссюрдің таңбалау-білдіру (означающее-означаемое) дихотомиясын пайдаланамыз.

Халық биінің семантикасы құрамына әртүрлі этностардың белгілері мен белгілер жүйесінің қасиеттерін зерттейтін пәнаралық ғылым этносемиотика белгілері де кіретінін ескерген жөн. Сонымен қатар, семиотиканың бұл мәселеге көзқарасы фольклортану ғылымының көзқарасынан ерекшеленеді, өйткені семиотика фольклорды мағынасы мен рөлін қоғам мүшелерінің өздері сезіне алмайтын белгілі бір қоғамның таңбалар жүйесінің бір бөлігі ретінде зерттейді. Сондай-ақ, этносемиотика пәні адамзат мәдениетінің «айқын емес, астарлы деңгейін», оның кодтарын зерттеу ретінде анықталады.

Қазақ халық биінің бейнелі тілін анықтауда біз сәндік-қолданбалы өнер элементтеріне, атап айтқанда, символдық жағынан ұқсас қазақ халық биінің қимыл-қозғалыстарында бейнеленген қазақ халқының ою-өрнектеріне сүйенеміз. Қазақ халық биі қимыл-қозғалыстарының семантикасын анықтауда қазақ ою-өрнектерінің, қасиетті геометрия мен ым-ишара тілі символдары мағынасына сүйенетін боламыз.

Қазақтың барлық дәстүрлі ұлттық өнерінің, оның ішінде музыка, халық эпосы, айтыс, сәндік-қолданбалы өнері, пластикалық би өнері, сәулет өнері, тіпті кеңестік дәуірде пайда болған бейнелеу өнерінің (графика, кескіндеме және мүсін) де түп-тамырлары ортақ. Барлық өнер түрлерінің халықтың көне заманнан бастау алған наным-сенімдерімен, салт-дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен генетикалық байланысқан ортақ мәдени коды бар. Әрбір өнер түрі халықтың осы генетикалық мәдени кодын өзіне ғана тән бейнелі тілмен бейнелейді: музыка – дыбыспен, поэзия – сөзбен, қолданбалы өнер – өрнекпен, бейнелеу өнері – суреттермен, түстермен және пластикамен, би өнері – қимыл-қозғалыстармен, ым-ишарасы және эмоционалды күйімен бейнелейді.

И.А. Моисеев халық билері туралы былай деп жазды: «Бұл халықтың пластикалық портреті. Үнсіз поэзия, халық жанының бір бөлігін ішінде сақтаған көзге көрінетін ән... Бұл халықтың басынан өткерген оқиғалары мен сезімдері тарихын ерекше, бейнелі, айшықты суреттейтін эмоционалды, поэтикалық шежіре» [11].

И.А. Моисеевтің сөзін А.К. Құлбекова [12; 265] да растайды: «... Дәстүрлі би өнері – қоғам өмірінің барлық дерлік жақтарын, адамдар бейнесін, олардың әлеуметтік-гендерлік және жастық стратификациясын, этникалық мәдениет пен дүниетанымның терең ерекшеліктерін, т.б. көрсететін

сала. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының биі — халықтың мәдени дәстүрінің ғана емес, сонымен бірге халықтың этногенетикалық және этникалық тарихының көркем-бейнелі шежіресі».

Тува халқының дәстүрлі би мәдениетінің семантикасын зерттеген Ч.Х. Санчай [13] да осыған ұқсас пікір айтады: «Этностың қозғалыс пластикасы немесе кинетикалық мәдениеті мағына, мән-маңызды белгілеу және белгілік ақпаратты жеткізу тәжірибесі ретінде халықтың дәстүрлі дүниетаным жүйесіне негізделген... Ал би өнері семиотикалық көзқарас логикасында құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа тиімдірек жеткізу үшін адамзат қалыптастырған және салт-дәстүрлік кинетика түрінде сақталған таңбалар жүйесі болып табылады».

Би өнердің кез келген түрі сияқты бишінің пластикалық қимылдары мен позаларында бейнеленген нақты белгілер мен символдарға негізделген ақпараттық-коммуникациялық семиотикалық жүйе болып табылады. «Көркем қарым-қатынастағы белгілердің ерекшелігі олардың тек мағынаны білдіріп қана қоймай, сонымен бірге белгілі бір эстетикалық заңдылықтарға: гармонияға, ырғаққа, үндестікке, контрастқа... сәйкес ұйымдастырылуында... Би өнерінің тілі белгілік би жүйесін құрайтын пластикалық мотивтердің (интонациялардың) жиынтығы болып табылады», - деп жазады Ю.А. Гевленко [14: 88].


Дене қимылдары арқылы көрінетін би тілі вербалды емес, ол басқа мағыналар қатарында биші-импровизатордың (қазақтың халық билері айтыс сияқты негізінен импровизациялық сипатта болды) бейсана ойлары мен сезімдерін көрсететін белгілер мен символдарды қамтиды.

Н.В. Атитанованың зерттеуі [15: 18] Ч. Пирстің семиотикалық жүйесіне сәйкес: 1) бидегі позаларды белгі-бейнелер (иконикалық белгілер, icon) ретінде; 2) стихиялық, еріксіз қозғалыстарды белгі-көрсеткіштер (index) ретінде және 3) белгілі бір нәрсені білдіретін жасанды түрде құрастырылған қозғалыстар мен ым-ишараларды шартты белгілер (символ, symbol) ретінде қарастырады.

Хореографиялық шығармада бидің сюжеті драмалық шығарманың композициялық заңдылықтарына сәйкес келесі бөлімдерден құралады: экспозиция (бастапқы жағдай, кейіпкерлердің шығуы), желісі (әрекеттің басталуы), шарықтау шегі (оқиғалардың негізгі өзгерісі суреттелетін орта шамасы) және аяқталу (жағдай түйінінің шешілуі). Бұл заңдылықтар Аристотельдің «Поэтика» (XVIII) туындысында және балет драмасында осы заңдарды алғаш қолданған Ж.Ж. Новеррдің [16, 156] «Би туралы хаттар» жұмысында анықталған.

Қазақтың би қимылдарының көпшілігі генетикалық тұрғыдан негізінен Тәңірге сену және басқа да наным-сенімдерге негізделген түркі дүниетанымдық жүйесімен байланысты. Бұл наным-сенімдер қазақтың ұлттық бейнелеу өнеріндегі этнокөркемдік (ою-өрнек) тілі мен қазақ халық биіндегі бейнелі-пластикалық (ою-өрнекке еліктеу қимылдары) тілінің байланысынан байқалады. Ш. Жиенқұлованың «Тайна танца» [17], қазіргі қазақ биін зерттеушілері А.К. Құлбекова мен Т.О. Ізімнің «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» [18] атты кітаптарында қабылданған қазақ би қимылдары мен қалыптарының аттары олардың қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен ұқсастығын көрсетеді. Ө. Жәнібеков: «Қазақ ою-өрнектерінің дамуына қоршаған орта мен айналадағы дүниенің құбылыстары мен заттары қайнар көз болды. Қазақ ою-өрнектері халық шеберлерінің көптеген ұрпақтарының сұлулық пен үйлесімділік туралы идеяларына сәйкес шығармашылық ойлары мен қиялдарымен түрлендірілген таңба-символдар мен өрнек мотивтерін құрайды», - деп жазды [19: 331].

Мысалы, Ш. Жиенқұлованың «Тайна танца» атты кітабының [17: 28, 30-31] «Қол қалыптарындағы қазақ ою-өрнектерінің мотивтері» бөлімінде «Тұмарша», «Шаңырақ», «Ағаш төсек», «Қос өркеш», «Бүркіт тырнақ» және т.б. қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігін бейнелеп, қазақ ою-өрнегін өзіне қайнар көз ретінде пайдаланудан туындаған қол қимылдарын келтіреді. Қазақтың үшбұрыш пішінді дәстүрлі тұмарын білдіретін «Тұмарша» қол қалпы ою-өрнектердегі ұқсас атты (1-сур.) геометриялық элементке, аспан күмбезін және төрткүл дүниені символ арқылы көрсететін киіз үйдің төбесін білдіретін «Шаңырақ» қол қалпы — ою-өрнектердегі ұқсас «Шеңбер» және «Төртқұлақ» атты космогониялық элементтеріне (1-сур.), төсек-орынның төл ұлттық түрін суреттеп көрсететін «Ағаш төсек», көшпелі халық үшін таптырмас мал түйенің екі өркешін бейнелейтін «Қос өркеш», ұлттық ойын-сауық түрлерінің біріне байланысты пайда болған «Бүркіт тырнақ» атты қол қалыптары ою-өрнектердегі ұқсас атты (1-сур.) зооморфтық элементтеріне сәйкес келеді. Бұл жерде қазақтың халық биінің қалыптары мен қимыл-қозғалыстары көшпенділердің күнделікті тұрмысында қолданылатын ою-өрнек, символдардың астарында жататын киелі мағыналарды бейнелейтіндігіне көрнекті түрде көз жеткізуге болады.



1-сурет. Қазақтың халық ою-өрнектері [20]

Шеңбер дүние жүзіндегі барлық дерлік халықтардың ою-өрнектері мен би өнерінің негізгі мотиві болып табылады. Шеңберге ұқсас би элементтері қолдың айналмалы қимылдарында ғана емес, негізінен ежелгі рулар қол ұстасып, әндетіп отты айнала билеген, дөңгелек құрып билейтін билерде орын алған. Шеңбер (дөңгелек құрып билеу) — Ай мен Күнге табынуға қатысты ғарыштық бейнелеме. Қазіргі қасиетті геометрия бойынша «Шеңбер – шексіздіктің, идеалды абсолюттің және кемелдіктің символы. Қазіргі киелі геометрия іліміне сәйкес ең ежелгі ғибадат орындары: алау алаңдары, құрбандық үстелдері, құрбандық тастар, т.б. шеңбер түрінде болған. Дөңгелек — аспан, шексіздік, ғаламды білдіретін ең көне мистикалық символ» [21].

Қазақ халқының қол ұстасып дөңгелек құрып билейтін билеріне «Алқа-қотан» биі жатады. Көрнекті этнограф Ө. Жәнібеков өз зерттеулерінде қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің көптеген аспектілерін қайта жаңғырта отырып, қазақтардың би мәдениетіне түріктің «Халай» дөңгелек құрып билейтін би стиліне жақын ерлердің топтасып билейтін билері де тән екендігін дәлелдеген. Бұған басқа ғалымдардың еңбектері де дәлел [22: 241]. Ө. Жәнібеков сонау өткен ғасырдың 80-жылдары қазақтардың көпшілік бірлесіп билейтін «Алқа» биін «Алтынай» ансамблімен көнекөз бишілер мен дәстүр білгірлерінің мәліметі бойынша жаңғыртқан.

Сондай-ақ, көптеген халық билерінде адорация (дұға қылу) немесе «оранта» — қолдарын аспанға көтеріп, құдайдан, табиғаттан қайырымдылық сұрау ишарасына сәйкес келетін қалып-қимылдар бар. Дәл осындай қол қалыптары қазақтың халық ерлер биі — «Бүркіт қанатта» бар [18: 31], сондай-ақ, қыз-келіншектер биінде де осыған ұқсас «Үлкен сылық» қол қалпы [18: 30] басынан жоғары үлкен сыйлық ұстап тұрған адамды бейнелейді.

Осы кезде жоғары оқу орындарында қазақ халық биінің оқулығы ретінде қабылданған А.Қ. Құлбекова мен Т.О. Ізімнің «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» кітабында қазақ би қалыптары да қазақтың халық ою-өрнегі элементтерінің атаулары мен формалары қайталанған. Мысалы, қазақ биінің «Қошқар мүйіз», «Қос мүйіз», «Сыңғар мүйіз» [18: 29] қол қалыптары түркі, шығыс және басқа халықтарда кең тараған сәттілік сыйлайтын «ғарыштық қошқарға» табынушылықпен байланысты және де қазақ халық ою-өрнектерінің атауларына сәйкес келеді. Қазақ биінің мүйізге байланысты атаулары бар қол қалыптары Ш. Жиенқұлованың «Тайна танца» кітабында да бар: «Қошқар мүйіз» [17: 35], «Сыңар мүйіз» (бір мүйіз) [17: 36], «Киік мүйіз» [17: 34] (2-4-сурет).



2-сурет. «Қошқар мүйіз» қол қалпы



3-сурет. «Сыңар мүйіз» қол қалпы



4-сурет. «Киік мүйіз» қол қалпы

Түркі халықтарының наным-сенімдері бойынша көшпелі халықтың негізгі тағамы болып, мүйізі май болған жануар қошқардың мүйізі «құт» — күш, сәттілік, бақытпен барабар саналды. «...Қазақтар арасында кеңінен танымал бұл түсінік Орта Азия, Оңтүстік Сібір, Моңғолия, Солтүстік Кавказ, Үндіқытай, Африка халықтарының ұқсас ұғымдарымен сәйкес келеді. Көне дәуірде «От-Аспанмен» байланысты сәттілік, ұрпақ сыйлайтын «ғарыштық қошқарға» табынудың кең тарағанын көне мысырлықтарда қошқар басы бар сфинкстер түріндегі күн құдайы Амонның бейнелері; Кушан мен Хорасан, Ферғана патшаларының алтын қошқар түріндегі тақтары; аргонавтардың алтын жүнді қошқар терісі үшін жорығы және т.б. дәлелдейді. Осы нанымдарға ежелгі ирандық Фарнның бір


көрінісі — скиф, сақ тайпалары арасында кең тараған сәттілік, тұмар, дүниені көмкерген алтын қошқар түріндегі «от-күн» идеясы сәйкес келеді», – деп жазды Бек Ибраев [23].

Көптеген халықтарда: мысырлықтар, немістер, шумерлер және басқа да көптеген халықтарда мүйіз құдірет белгісі боп саналды. Грек пантеонының басты құдайы Зевс қошқар мүйізімен бейнеленді. Мүйізі бар дулығаларды патшалар киген. Мұсылман халықтарының фольклорында екі мүйізді Ескендір (Құрандағы Зу-ль-қарнайын, *القرن ین ذو*, араб тіл. ауд. – қос мүйіз иесі) Алла құдірет беріп, жердің екі шетіне, Шығысы мен Батысына, «күн шығатын» және «күн бататын» жерге [24] дейін жетуге мүмкіндік берген ислам дінінің жақтаушысы, Мұхаммедке дейін өмір сүрген Жаратушы елшісі және пайғамбары болып саналды. Е.А. Костюхин [25: 125-126] «Александр Македонский әдеби және фольклорлық дәстүрде» деген кітабында этнограф Д.И. Эварницкий (1893) және Г.Н. Потаниннің (1916) халық аузынан жазып алған қос мүйізді Ескендір туралы қазақтың екі халық аңызын мысал ретінде келтіреді. Алайда Зу-ль-қарнайынның түп тұлғасы Ескендір (Александр Македонский) емес, Кир II болған деген пікір де бар [26], (5-сурет).



5-сурет. Пасаргадтағы Мысыр құдайларының бас киімін киінген қос мүйізді Кир II (Куруштың) бедерлі мүсіні [27].

О.Ф. Вальдгауэр [27] былай деп жазған: «Зевс-Амон мүсінінің үлгісі Африканың солтүстігіндегі, әсіресе Ніл атырауындағы қалалардағы грек және мысыр элементтерінің араласуының нәтижесі болып табылады... Зевс-Амонға табыну кең таралып, оның әр түрлі дәуірлердегі бірқатар бейнелері бізге жеткен» (6-7-сурет).



6-сурет. Зевс-Амонның басы. Мәрмәр. Неаполь, Геркуланум ұлттық археологиялық мұражайы. Берлин университетінің фотосуретінен. <http://ancientrome.ru/art/artwork/img.htm?id=1449>



7-сурет. Қошқар мүйізді Зевс-Амонның басы. Мирмекиядан (Қырым) табылған Қызыкин статері (антикалық тиын ақша), б.з.д. 5 ғ-ң 2-жартысы [28: 144].

Қазақ халық биіндегі әйелдердің негізгі айналмалы қол қимылы — қол саусақтарын өзіне қарай және өзінен сыртқа айналдыру «Айналма» [18: 35-36] қимылы да қошқардың бұралған мүйізіне ұқсайды. Бұл қозғалыстың атауы қазақ тіліндегі қазақ аналары әдетте балаларына арнап айтатын «Айналайын» деген қасиетті сөзбен бір түбірден тұрады. Бұл сөздің мағынасы: «Сені айналып, сенің бар ауруыңды, қазаларыңды өзіме аламын», – дегенді білдіреді.

Д. Әбіров пен А. Ысмайылов [29: 96] толқын тәрізді «Толқын», «Қанат қағу», «Оймақ» қимылдары және басқалары халық ою-өрнектеріне ұқсас дейді. Өртүрлі халықтар арасындағы «Толқын» қозғалысы шеңбер сияқты құнарлылыққа табынуды, дүниенің екі жақтылығын білдірді. «Толқын» қозғалысы 1-суреттегі «Бітпес» космогониялық ою-өрнек элементіне, ал «Оймақ» қозғалысы – «Шеңбер» космогониялық ою-өрнек элементіне ұқсайды. Осындай қолдың толқын тәрізді қимылдары А.К. Құлбекова және Т.О. Ізім кітабында да бейнеленген: «Толқын» [18: 36], «Жалын» [18: 37-38] және «Бидай боз» [18: 40] қол қимылдары. Осы жоғарыда аталған барлық қозғалыс түрлері, қазақ биіндегі әйелдердің негізгі айналмалы қол қимылы «Айналма» және т.б. бүкіл түркі және шығыс халықтарының, соның ішінде Таяу Шығыс пен Мысыр халықтарының билеріне де тән. Бұл жағдай жанама түрде бұл халықтардың тамыры мен наным-сенімдерінің ортақ екендігін айғақтайды.

Жер жүзінде алғаш жазудың пайда болуы, Ежелгі Месопотамияда алғашқы қалалар мен мемлекеттердің өркендеуі дәстүрлі түрде байланыстырылатын шумерлердің ежелгі өркениетінің халқы «Аспан» дегенді білдіретін және сына жазуларында «Ан» жұлдызының белгісі ретінде бейнеленген «Дингир» құдайын қастерлеп, оған табынғанын атап өткен жөн [30; хр. 13.20 сек.]. Көптеген зерттеушілер шумер тіліндегі «Дингир» сөзінің түркі халықтарының наным-сеніміндегі Көк Тәңірі құдайын білдіретін «Тәңір» сөзімен ұқсастығын байқаған. «Аспан құдайы Ан бір кездері шумерлер арасында бүкіл пантеонның басты құдайы болып саналған деуге толық негіз бар, дегенмен бізге дейін жеткен шамамен б.з.д. 2500 ж. дереккөздерде бұл рөл ауа құдайы Энлилге тағылтын болған», - деп жазады Самуэль Н. Крамер [31; 112-113]. Ашық деректерден Ф.Хоммельдің шумер тілінің ерекше белгілеріне сүйене отырып, шумерлерді тұран тайпасы деп есептейтіні белгілі.

А. Мәуленов [32; 132-142] Орал батыр, Қорқұт, Гильгамеш туралы аңыздарға түркішіл архетиптік сана ортақ деген тұжырымға келіп, былай деп жазады: «Шумерлер мен түркі тілдеріндегі сәйкестіктер шумерлер мен Еуразия дала аймағының тұрғындары арасындағы мәдени байланыстар болжауын растайды. Қазақ ғалымдарының ішінде бұл көзқарасты халықаралық деңгейде білдіруге алғаш талпыныс білдіріп, 1969 ж. Германияда өткен конференцияда баяндама жасаған Алтай Сәрсенұлы Аманжолов болды... Кейінірек шумерлер мәдениеті мен мифологиясының генезисі мәселелерімен айналысқан ғалымдар А. Окладников, А. Филькенштейн, Г. Шеффер, В. Бунак, Х. Йенсен және т.б. А. Аманжолов пен О. Сүлейменовтің шумерлер түріктермен тектес халық деген нұсқасымен келіскен. Олармен бірлесе ғалым-тарихшылар: С. Кляшторный мен Т. Тұрсынов, эзирбайжан түркологы Ю. Юсипов, хабардин-балқар ғалымдары Қ.Т. Лайпанов пен И.М. Мизиев, башқұрт зерттеушілері В.С. Юматов және А.Н. Киреев және т.б. шумерлердің түркі халықтарымен рухани жақындығы туралы айтады». Осындай көзқарасты О. Сүлейменов [35: 168-169], Ә.Қ. Қайыржанов, С. Қондыбай, Қ. Бегалин, А.Қ. Шашаев және т. б. зерттеушілер де ұстанады.

Егер С.П. Толстов [33: 321] 1945-1948 жж. зерттеу нәтижелері бойынша Орта Азия аумағындағы халықтарда б.з.д. кемелденіп дамыған ежелгі өркениет болды деп жазса, У.Х. Шалекенов [34: 55] зерттеулері де бұл көзқарасты растайды: «Орта Азия аумағында б.з.д. IV-ғ. аяғы мен III-ғ. басында Мысыр, Кіші Азия, Қытай мен Үндістандағы сияқты империялар болған: б.з.д. 558–330 жж. аралығында (шамамен 228 жыл) Ахеменидтер әулеті Батыс Азияда билік етті» деп келтіріп, Қазақ совет энциклопедиясынан үзінді келтіреді: «Ахеменнің мұрагері Кир II Таяу және Орта Шығыс елдерінің көпшілігін біріктірді, қуатты империя құрды» [35: 611].

Анатолий Клесов шумер өркениетінің негізін Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкаға Еуразиядан көшіп келген көшпелі рулар салған деп есептейді, дәлірек айтқанда, б.з.д. 5-мыңжылдықта «Сібірден Еділге дейін жетіп, оңтүстікке бұрылып, содан кейін Таяу Шығысқа кеткен». [36; хр. 1.25.16 сек.]. Оның пікірінше: «RIB (*Еуразия территориясында 7 мың жыл бұрын өмір сүрген көне гаплогот (ру) — автор ескертпесі*) шумерлерді дүниеге әкелді деп санауға негіз бар». Өзінің осы ойларын ол «ДНҚ шежіресі және лингвистика. Ежелгі Еуропа» мақаласында растайды [37: 103].

Қазақ биі элементтерінің бейнелі тілін, олардың семантикасын зерттеу бізді де А. Клесов пен жоғарыда аталған түркітанушы ғалымдардың гипотезасын қабылдауға итермелейді. Бұл гипотезаға жоғарыда аталған қазақ халық биінің элементтерінің Таяу Шығыс пен Египетті қоса алғанда, барлық шығыс халықтарына ортақтығы сай келіп тұр. А.А. Клесовтің гипотезасы [37; 103] одан әрі тереңірек зерттеуді және оппонент ғалымдардың зерттеулерінің тоғыспалы деректерінің жиынтығын талап етеді.

Қазақ биінің қимылдарына қайта оралсақ, бүкіл түркі және шығыс халықтарына ортақ «Айналма» атты әйел қол қозғалысы иллюстрациямен дәлелдеуді қажет етпейтін белгілі қимыл. Егер қол басының өзіне қарай айналу қозғалысына үңілсек, бұл ым-ишара тілінде «Мұнда кел» [38] дегенді білдіретін, символдық түрде «өзіне қарай шақыратын» немесе «бірдеңе алатын» қозғалысына ұқсайды, ал өзінен сыртқа айналмалы қозғалыс, керісінше, «өзінен алыстатады» немесе «өзінен жібереді».

Қазақ биінің қимыл-қозғалыстарының ұлттық қазақ ою-өрнектермен бұдан да басқа көптеген аналогиялық ұқсастықтарды бар, бірақ мақала көлемі талаптарына сәйес, біз осымен шектелеміз.

Қасиетті геометрия математика мен вибрациялық жиіліктеріне негізделген Әлемнің әмбебап тілін ашудың кілті болып табылады. Мұны 1787 ж. неміс физигі және зерттеушісі Э. Хладни ашқан дыбыс толқындарының физикалық әсерлері феномені болып табылатын киматика (грек тіл. κίμα «толқын» немесе «вибрация») сияқты физикалық құбылыс растайды. Киматика бізге вибрацияның материяны ұйымдастыратынын анық көрсетеді. Вибрация — үйлесімділік заңдары бойынша кез келген ортадағы тіршілік формаларының шексіз санын ұйымдастыратын жасампаз күш [39].

Қорытынды

Түйіндеп айтқанда, киелі геометрияға негізделген халық ою-өрнектері мен нақыштары өзінің көрінісін ұлттың біртұтас мәдени кодымен шартталған халық өнерінің барлық түрлерінен табады.

Жоғарыда келтірілген салыстырулардың барлығы түркі мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын қазақ ою-өрнегінің кейбір үлгілері мен қазақ халық биінің қимыл-қозғалыстарының семантикалық кодының бірлігін айқын көрсетеді. Қазақ халық биі адамның бейсанасындағы көне архетиптермен байланысты және халық өміріндегі тарихи кезеңдер жайындағы өзіндік кодталған ақпараттарды дене тілінде бейнелейді.

Қазақ халық биінің кейбір негізгі қимыл-қозғалыстарына семантикалық мән-мағынасын көрсете отырып, семиотикалық талдау нәтижесінде қазақ биінің түркі халықтарына ғана емес, Таяу Шығыс пен Египет халықтары халық билеріне де ортақ негізгі элементтері анықталды. Бұл жай жоғарыда аталған мәдениеттердің ортақ тамырының жанама дәлелі болып табылады. Қорытындылар адамзаттың ДНҚ шежіресінің зерттеу жұмыстарымен, сондай-ақ бірқатар түркітанушы ғалымдардың еңбектерімен ішінара расталады.

Халық биі — халық тарихының өзіндік шежіресі болғандықтан, онда кездейсоқ элементтер мен кездейсоқ ұқсастықтар болмайды, өйткені бидің кез келген элементі халықтың мәдени кодтарының көрінісі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Васюченко Н.Д. Введение в историческое изучение искусства: курс лекций. / Н. Д. Васюченко. — Витебск: Витеб. гос. ун-т им. П. М. Машерова, 2016. — 62 с.
- 2 Адорно Т.В. Эстетическая теория / Т.В. Адорно; пер. с нем. А. В. Дранова. — М.: Республика, 2001. — 527 с.
- 3 Hegel G.W.F. Philosophie der Kunst. Vorlesung von 1826 / Hrsg. A. Gethmann-Siefert, J.-I. Kwon und K. Berr. Frankfurt a/M.: Suhrkamp, 2004. — 297 S.
- 4 Өнер. Қазақстан энциклопедиясы. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://kk.encyclopedia.kz/index.php/%D3%A8%D0%BD%D0%B5%D1%80>
- 5 Мещеряков В.П. Введение в литературоведение. Основы теории литературы: учеб. для акад. бакалавриата / В.П. Мещеряков, А.С. Козлов, Н.П. Кубарева, М.Н. Сербул; под общ. ред. В. П. Мещерякова. — М.: Юрайт, 2019. — 381 с.
- 6 Юнг К.Г. Душа и миф: шесть архетипов / К.Г. Юнг; пер. с англ. — К.: Государственная библиотека Украины для юношества, 1996. — 384 с.
- 7 Юнг К.Г. Человек и его символы / К.Г. Юнг, М.-Л. фон Франц, Дж.Л. Хендерсон, А. Яффе, И. Якоби [Электронный ресурс] — Режим доступа: <https://gtmarket.ru/library/basis/4121/4123>
- 8 Новикова М.М. Язык искусства. Энциклопедический словарь по истории и философии науки; под общ. ред. Е.В. Гугова. — Нижневартовск: Изд-во Нижневарт. гуманит. ун-та, 2010. — 342 с.
- 9 Гутнер Г.Б. Семантика / Г.Б. Гутнер [Электронный ресурс] — Режим доступа: <https://gtmarket.ru/concepts/6933>
- 10 Лотман Ю.М. Семиосфера. / Ю.М. Лотман. — СПб.: Искусство-СПБ, 2010. — С. 6.
- 11 Моисеев И. Жизнь и творчество. — Ч. 2. [Электронный ресурс] — Режим доступа: http://orpheusmusic.ru/publ/igor_moiseev_zhizn_i_tvorchestvo_chast_2/143-1-0-805
- 12 Кульбекова А.К. Казахский танец: вопросы сохранения традиционной хореографии и перспективы развития народного танца в Республике Казахстан / А.К. Кульбекова // Вестн. МГУКИ. — 2008. -№ 2. — С. 263–267.
- 13 Санчай Ч.Х. Семантика традиционной танцевальной культуры тувинцев: автореф. дис. ... канд. культурологии. Спец. 24.00.01 — «Теория и история культуры» / Ч. Х. Санчай. — Красноярск: СФУ, 2020.
- 14 Гевленко Ю.А. Семиотический анализ танца / Ю. А. Гевленко // Вестн. Том.гос. ун-та. — 2009. — № 320. — С. 87–89.
- 15 Атитанова Н.В. Танец как смысловая универсалия: от выразительного движения к «движению» смыслов: автореф. дис. ... канд. филос. наук. Спец. 24.00.01 — «Теория и история культуры»/ Н.В. Атитанова. — Саранск, 2000. — 18 с.
- 16 Новерр Ж.Ж. Письма о танце / Ж.Ж. Новерр; пер. с фр.; под ред. А. А. Гвоздева. — 2-е изд., испр. — СПб.: Изд-во «Лань»; Изд-во «Планета музыки», 2007. — 384 с.
- 17 Жиенкулова Ш. Тайна танца / Ш. Жиенкулова. — Алма-Ата: Өнер, 1980. — 289 с.
- 18 Кульбекова А.К. Теория и методика преподавания казахского танца: учеб. / А.К. Кульбекова, Т.О. Ізім. — Астана: Эверо, 2012. — 235 с.
- 19 Джанибеков У. Культура казахского ремесла. Классические исследования [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://adebiportal.kz/upload/iblock/e2c/e2cc7827a2c144dd2f693b411ce89033.pdf>
- 20 Нуриева А. Знаки и смыслы казахских орнаментов [Электронный ресурс] / А. Нуриева. — Режим доступа: <https://www.caa-network.org/archives/15372>
- 21 Прокопенко И. Сакральная геометрия. Энергетические коды гармонии. [Электронный ресурс]. — 2013. — Режим доступа: <https://www.litres.ru/iolanta-prokopenko/sakralnaya-geometriya-energeticheskie-kody-garmonii-2/chitat-onlayn/>
- 22 Рамаданова Ж.Д. Казахский народный танец в отражении эпох: историко-этнографический и эстетический контекст / Ж.Д. Рамаданова [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://is.nkzu.kz/publishings/%7BF8D81D82-32F8-419F-BC00-194AACC1CA70%7D.pdf>
- 23 Ибраев Б. Космогонические представления наших предков/ Б. Ибраев. — 2000. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.arba.ru/article/731>
- 24 Құран, 18-сүре, 83–90-аяттар.
- 25 Костюхин Е.А. Александр Македонский в литературной и фольклорной традиции. — Сер. «Исследования по фольклору и мифологии Востока» / Е.А. Костюхин. — М.: Гл. ред. вост. литер. изд-ва «Наука», 1972. — 192 с.
- 26 Нұрбекұлы Б. Зу-ль-карнайын жайында [Электрондық ресурс]. / Б. Нұрбекұлы. — Қолжетімділік тәртібі: <https://narok.com.kz/kk/blog/o-zul-karnaine>
- 27 Вальдгауер О.Ф. Мирон / О.Ф. Вальдгауер. — Берлин: Гос. изд-во РСФСР, 1923. — 46 с.
- 28 Скржинская М.В. Мифы о богах в культуре и искусстве античных государств Северного Причерноморья / М.В. Скржинская // *Voprosos studies*. Вып. XXVI. — Симферополь–Керчь, 2012.
- 29 Абилов Д. Казахские народные танцы / Д. Абилов, А. Исмаилов. — 2-е изд. — Алма-Ата: Өнер, 1984. — 112 с.
- 30 Охта С. Шумеры: история первой цивилизации за 20 минут. — Охта Студия. — 2020. [Электронный ресурс] — Режим доступа: <https://www.youtube.com/watch?v=UydIPVDIZIY>
- 31 Крамер С.Н. История начинается в Шумере. (По следам исчезнувших культур Востока) / С.Н. Крамер; пер. Ф.Л. Мендельсона; под ред. и с предисл. В.В. Струве. — М.: Наука, 1965. — 256 с.
- 32 Мауленов А. Трансформация протонюркской мифологии и Урал батыр / А. Мауленов А. / Материалы Междунар. науч.-практ. конф., посвящ. 130-летию со дня рождения Мухаметши Бурангулова. — Уфа, 2018. — 256 с.
- 33 Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации / С.П. Толстов. — М.–Л.: Изд-во АН СССР, 1948. — 328 с.
- 34 Шалекенов У.Х. Античная цивилизация Центральной Азии / У.Х. Шалекенов // ҚР ҰҒА хабарлары (Известия НАН РК). Сер. Обществ. наук. — 2009. — № 1. — С. 53–61.

- 35 ҚСЭ. Т. 1. Издательство «Қазақ энциклопедиясы», 1972.
- 36 ДеньТВ. Анатолий Клёсов. Как связаны шумеры и европейцы, славяне и кельты, евреи и арабы. ДНК-анализ. 08.06.2018. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.youtube.com/watch?v=oPFfXIid-AE>
- 37 Klyosov A. DNA Genealogy and Linguistics. Ancient Europe / A. Klyosov, G. Tomezzoli // *Advances in Anthropology*. — 2013. — May. — P. 101–111.
- 38 Словарь жестов. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.kommersant.ru/doc/254914>
- 39 Stanford N.J. Cymatics: Science Vs. Music. Nigel Stanford / N.J. Stanford. — 2015. Retrieved from https://www.youtube.com/results?search_query=Stanford%2C+Nigel+John.+Cymatics%3A+Science+Vs.+Music++Nigel+Stanford

Ж.Д. Рамаданова

Искусство как отражение генетического культурного кода (на примере казахского народного танца)

В статье автором изложены результаты изучения генетического культурного кода, отражающего духовные ценности народа, на примере традиционного танцевально-пластического искусства казахов. В качестве метода исследования применен семиотический анализ движений и поз традиционного казахского танца, являющегося частью тюркской культуры. Для раскрытия темы в статье даны определения и функции таких терминов, как «искусство», «образный язык в искусстве», «архетип», «семантика», «семиотика». Также приведен разбор искусства танца как семиотической системы, основанный на том, что язык танца, выражаемый движениями тела, невербален, содержит знаки и символы, отражающие в том числе подсознательные мысли и чувства танцора и хореографа. Автор, опираясь на символы сакральной геометрии и жестового языка, проводит сравнения казахских национальных узоров и движений казахского танца со сходными названиями с интерпретацией семантического смысла символических форм, отражающих культурный код народа. В сравнении автор опирается на тот факт, что основу казахского орнамента составляют знаки-символы, для разработки которых народным мастерам источником послужили явления и предметы окружающего мира. В результате исследования были выявлены элементы казахского танца, которые являются общими не только для восточных народов, но и для танцев народов Ближнего Востока и Египта, что является косвенным свидетельством общности корней перечисленных выше культур. Выводы частично подтверждаются исследовательскими работами в ДНК-генеалогии человечества, а также работами ряда тюркологов.

Ключевые слова: искусство, образный язык искусства, семантика языка искусства, тюркская культура, культурный код, казахский народный танец, семиотический анализ движений, казахские национальные узоры, движения казахского танца, ДНК-генеалогия.

Zh.D. Ramadanova

Art as a reflection of the genetic cultural code (on the example of Kazakh folk dance)

This article presents the results of the study of the genetic cultural code, reflecting the spiritual values of the people on the example of the traditional dance-plastic art of the Kazakhs. As a research method, the author uses a semiotic analysis of movements and postures of traditional Kazakh dance, which is part of the Turkic culture. The article provides definitions and functions of such terms as «art», «figurative language in art», «archetype», «semantics», «semiotics». It also gives an analysis of the art of dance as a semiotic system, based on the fact that the language of dance, expressed by body movements, is non-verbal, containing signs and symbols that reflect, among other things, the subconscious thoughts and feelings of the dancer. The author, based on the symbols of sacred geometry and sign language, compares Kazakh national patterns and movements of Kazakh dance with similar names with the interpretation of the meaning of symbolic forms reflecting the cultural code of the people. In comparison, the author relies on the fact that the basis of the Kazakh ornament is made up of signs-symbols, for the development of which the folk masters are the source of the phenomena and objects of the surrounding world. As a result, elements of Kazakh dance are identified, which are common not only

for the eastern peoples but also for the dances of the peoples of the Middle East and Egypt, which is indirect evidence of the common roots of the above cultures. The conclusions are partially confirmed by research works in the DNA genealogy of mankind, as well as by the works of a number of Türkologists.

Keywords: art, figurative language of art, semantics of the language of art, Turkic culture, cultural code, Kazakh folk dance, semiotic analysis of movements, Kazakh national patterns, Kazakh dance movements, DNA genealogy.

References

- 1 Vasiuchenko, N.D. (2016). *Vvedenie v istoricheskoe izuchenie iskusstva: kurs leksii [Introduction to the Historical Study of Art: A Course of Lectures]*. Vitebsk: Vitebskii gosudarstvennyi universitet imeni P.M. Masherova [in Russian].
- 2 Adorno, T.W. (2001). *Esteticheskaia teoriia [Aesthetic theory]*. Moscow: Respublika [in Russian].
- 3 Hegel, G.W.F. (2004). *Philosophie der Kunst*. Frankfurt a/M.: Suhrkamp [in German].
- 4 Oner [Art]. Retrieved from <https://kk.encyclopedia.kz/index.php/%D3%A8%D0%BD%D0%B5%D1%80> [in Kazakh].
- 5 Meshcheriakov, V.P., Kozlov, A.S., Kubareva, N.P., & Serbul, M.N. (2019). *Vvedenie v literaturovedenie. Osnovy teorii literatury: uchebnik dlia akademicheskogo bakalavriata [Introduction to Literary Studies. Fundamentals of Literature Theory: academic undergraduate textbook]*. Moscow: Yurait [in Russian].
- 6 Jung, C.G. (1996). *Dusha i mif. Shest arkhетipov [Soul and myth. Six archetypes]*. Kyev: Gosudarstvennaia biblioteka Ukrainy dlia yunosthestva [in Russian].
- 7 Jung, C.G., Henderson, J.L., Franz, M.-L., Jaffé, A., & Jacobi, J. (1964). *Chelovek i ego simvolny [Man and His Symbols]*. *gtmarket.ru*. Retrieved from <https://gtmarket.ru/library/basis/4121/4123> [in Russian].
- 8 Novikova, M.M. (2010). *Yazyk iskusstva. Entsiklopedicheskii slovar po istorii i filosofii nauki [Language of Art. Encyclopedic Dictionary of the History and Philosophy of Science]*. E.V. Gutov (Ed.). Nizhnevartovsk: Publ. house of Nizhnevartovsk humanitarian university [in Russian].
- 9 Gutner, G.B. (2021). *Semantika [Semantics]*. Retrieved from <https://gtmarket.ru/concepts/6933> [in Russian].
- 10 Lotman, Yu.M. (2010). *Semiosfera [Semiosphere]*. Saint Petersburg: Art-SPB [in Russian].
- 11 Moiseev, I. *Zhizn i tvorchestvo. Chast 2 [I. Moiseev. Life and creation. Part 2]*. Retrieved from http://orpheusmusic.ru/publ/igor_moiseev_zhizn_i_tvorchestvo_chast_2/143-1-0-805 [in Russian].
- 12 Kulbekova, A.K. (2008). *Kazakhskii tanets: voprosy sokhraneniia traditsionnoi khoreografii i perspektivy razvitiia narodnogo tantsa v Resublike Kazakhstan [Kazakh dance: issues of preserving traditional choreography and prospects for the development of folk dance in the Republic of Kazakhstan]*. *Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo universiteta kultur i isskustva — Bulletin of Moscow State University of Culture and Art*, 2, 263–267 [in Russian].
- 13 Sanchai, Ch.Kh. (2020). *Semantika traditsionnoi tantsevalnoi kultury tuvintsev [Semantics of traditional dance culture of Tuvans]*. *Extended abstract of candidate's thesis*. Krasnoyarsk [in Russian].
- 14 Gevlenko, Yu.A. (2009). *Semioticheskii analiz tantsa [Semiotic analysis of dance]*. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta — Bulletin of Tomsk State University*, 320, 87–89 [in Russian].
- 15 Atitanova, N.V. (2001). *Tanets kak smyslovaia universalii: ot vyrazitel'nogo dvizheniia k «dvizheniiu» smyslov [Dance as a semantic universal: from expressive movement to the «movement» of meanings]*. *Extended abstract of candidate's thesis*. Saransk [in Russian].
- 16 Noverre, J.-G. (2007). *Pisma o tantse [Letters about the dance]*. Saint Petersburg: Publ. house «Lan»; Publ. House «Planeta muziki» [in Russian].
- 17 Zhienukova, Sh. (1980). *Taina tantsa [The Mystery of Dance]*. Alma-Ata: Oner [in Russian].
- 18 Kulbekova, A.K., & Izim, T.O. (2015). *Teoriia i metodika prepodavaniia kazakhskogo tantsa [Theory and methods of teaching Kazakh dance]*. Textbook. Astana: Evero [in Russian].
- 19 Dzhanibekov, U. (2012). *Kultura kazakhskogo remesla. Klassicheskie issledovaniia: Mnogotomnik [The culture of Kazakh craft. Classic Studies: Multivolume]*. Retrieved from <http://adebiportal.kz/upload/iblock/e2c/e2cc7827a2c144dd2f693b411ce89033.pdf> [in Russian].
- 20 Nurieva, A. (2019). *Znaki i smysly kazakhskikh ornamentov [Signs and meanings of Kazakh ornaments]*. Retrieved from <https://www.caa-network.org/archives/15372> [in Russian].
- 21 Prokopenko, I. (2013). *Sakralnaia geometriia. Energeticheskie kody harmonii [Sacred geometry. Energy codes of harmony]*. Retrieved from <https://www.litres.ru/iolanta-prokopenko/sakralnaya-geometriya-energeticheskie-kody-garmonii-2/chitat-onlayn/> [in Russian].
- 22 Ramadanova, Zh.D. (2019). *Kazakhskii narodnyi tanets v otrazhenii epokh: istoriko-etnograficheskii i esteticheskii kontekst [Kazakh folk dance in the reflection of eras: historical, ethnographic and aesthetic context]*. Retrieved from <http://is.nkzu.kz/publishings/%7BF8D81D82-32F8-419F-BC00-194AACCA70%7D.pdf> [in Russian].
- 23 Ibraev, B. (2000). *Kosmogonicheskie predstavleniia nashikh predkov [Cosmogonic concepts of our ancestors]*. Retrieved from <http://www.arba.ru/article/731> [in Russian].
- 24 Quran. 18-sure, 83–90-aiattar [Qur'an. Sura 18, verses 83–90]. Retrieved from <https://kuran.kz/sureler/18> [in Kazakh].
- 25 Kostiukhin, E.A. (1972). *Aleksandr Makedonskii v literaturnoi i folklornoi traditsii. Serii «Issledovaniia po folkloru i mifologii Vostoka» [Alexander the Great in the literary and folklore tradition. Series «Studies in folklore and mythology of the East»]* Moscow: The main editorial office of oriental literature of the Nauka publishing house [in Russian].

- 26 Nurbekuly, B. Zu-l-karnain zhayynda [About Dhul-Qarnayn]. Retrieved from <https://narok.com.kz/kk/blog/o-zul-karnaine> [in Kazakh].
- 27 Waldhauer, O.F. (1923). Myron. Berlin: RSFSR State Publishing House. Retrieved from <http://ancientrome.ru/publik/article.htm?a=1335381721> [in Russian].
- 28 Skrzhinskaia, M.V. (2012). Mify o bogakh v kulture i iskusstve antichnykh gosudarstv Severnogo Prichernomoria [Myths about gods in the culture and art of the ancient states of the Northern Black Sea region]. *Bosporos studies*. Vol. XXVI. Simferopol–Kerch [in Russian].
- 29 Abirov, D., & Ismailov, A. (1984). *Kazakhskie narodnye tantsy* [Kazakh folk dances]. Alma-Ata: Oner [in Russian].
- 30 Okhta, S. (2020). Shumery. Istoriia pervoi tsivilizatsii za 20 minut [The Sumerians: The History of the First Civilization in 20 Minutes]. Retrieved from <https://www.youtube.com/watch?v=UydIPVDIZIY> [in Russian].
- 31 Kramer, S.N. (1965). *Istoriia nachinaetsia v Shumere* [The story begins in Sumer]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 32 Maulenov, A. (2018). Transformatsiia prototiurkskoi mifologii i Ural batyr [Transformation of Proto-Turkic mythology and Ural Batyr]. *Materialy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii, posviashchennoi 130-letiiu so dnia rozhdeniia Mukhametshi Burangulova — Materials of the International Scientific and Practical Conference dedicated to the 130th anniversary of the birth of Mukhametshi Burangulov*. Ufa [in Russian].
- 33 Tolstov, S.P. (1948). *Po sledam drevnekhorezmiiskoi tsivilizatsii* [In the footsteps of the ancient Khorezm civilization]. Moscow–Leningrad: Publishing house of the Academy of Sciences of the USSR [in Russian].
- 34 Shalekenov, U.Kh. (2009). Antichnaia tsivilizatsiia Srednei Azii [Ancient civilization of Central Asia]. *Izvestiia Natsionalnoi akademii nauk Respubliki Kazakhstan. Seriya obshchestvennykh nauk — Proceedings of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Social Science Series*, 1, 53–61 [in Russian].
- 35 (1972). *Qazaq Sovet entsiklopediasy* [Kazakh Soviet encyclopedia]. Vol. 1. Amaty: Kazakh encyclopediasy [in Kazakh].
- 36 DenTV (2018). Anataolii Kliosov. Kak sviazany shumery i evropeitsy, slaviane i kelty, evrei i araby. DNK-analiz [Anatoly Klyosov. As connected Sumerians and Europeans, Slavs and Celts, Jews and Arabs. DNA analysis]. Retrieved from <https://www.youtube.com/watch?v=oPFfXIid-AE> [in Russian].
- 37 Klyosov, A., & Tomezzoli, G. (2013). DNA Genealogy and Linguistics. Ancient Europe. *Advances in Anthropology*. May, 101–111.
- 38 Slovar zhestov [Glossary of gestures]. Retrieved from <https://www.kommersant.ru/doc/254914> [in Russian].
- 39 Stanford, N.J. (2015). Cymatics: Science Vs. Music. Nigel Stanford. Retrieved from https://www.youtube.com/results?search_query=Stanford%2C+Nigel+John.+Cymatics%3A+Science+Vs.+Music++Nigel+Stanford